

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің  
№5 Қосымшасы

**«6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ташекова Айгерим Тарбиновнаның  
«Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

<b>р/н №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбында жазылған диссертация төмендегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚР Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.) ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламасына;</li> <li>- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына;</li> <li>- 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы саласына сәйкес фольклортануда жаңаша зерттеудің үлгісі бола алады;</li> <li>- 31.12.2019 жылы қабылданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес.</li> </ul>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі ғылымға елеулі үлесін қосады деп есептейміз. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, азаттыққа жету жолындағы сан қылыштарының үрпакқа жеткізуді мақсат етіп, ауыз әдебиеті жаунарның танытуда ғалымдардың ғылыми мұрасын зерттеп, зерделеу әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Қазақ фольклорын салаларға саралап, олардың әрқайсысының туу тарихына, гинезисіне, даму үрдісіне, кемелдену сатыларына ғылыми пікірлер айтып, талдаулар жасаған, субелі зерттеу еңбектер жазған фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасын зерттеу – әдебиеттану ғылымында зерттелмей келе жатқан мәселелердің бірі. Қазақ фольклортанушы ғылымының кемелденуінде Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектері кай дәүірде болсын

			<p>маңызды рөл атқарады.</p> <p>Ғалым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеу барысында фольклорлық мұраны ғылыми айналымға енгізіп, оның теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастырыған. Фольклортанушы ғалымның еңбектері қазақ фольклорының құрылымдық, мазмұндық, жанрлық ерекшеліктерін, фольклортанудың тарихи-салыстырмалы әдістерін жетілдіруге негіз болған. Бекмұрат Уахатов қазақ халық ауыз әдебиетін жинау, жүйелеу және жариялау барысында деректерді сұрыптау, мәтіндерді тұпнұсқалық нұсқада сактау, ауызша дәстүрдегі вариантық күбілістарды ескеру сынды маңызды әдістемелік қағидаларды ұсынған. Бекмұрат Уахатов зерттеулерінде казақ тұрмыс-салт жырларының халық дүниетанымындағы орны мен фольклорлық сабактастығы ғылыми негізде ашылып, қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиялық құрылымын жүйелеуге негізделген жіктемелік принциптерді ұсынған. Халық өлеңдерінің тақырыптық-семантикалық, стильдік ерекшеліктерін, шығу тарихын зерделей келе, олардың жанрлық мазмұнны анықтап, саралаган. Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін жіктеу мәселесінде Бекмұрат Уахатовтың ғылыми тұжырымдары маңызды. Ғалымның ұсынған класификациялары қазақ фольклортану ғылымында халық өлеңдерін ғылыми жүйелеуге негіз болып отыр. Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов балалар өлеңдерін поэтикалық тұрғыдан алғаш рет жан-жақты талдаған. Тұнғыш рет тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде ғұрып фольклорын түркі тілдес халықтарының ауыз әдебиетінде кешенді түрде салыстыра зерттеп, фольклортануда жаңа ғылыми бағыттың негізін қалаған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысын диссертанттың жазу деңгейі жоғары. Диссертант зерттеуінде өзіндік тұжырымдар жасауға кол жеткізген және тандаған тақырыбын толығымен аша білген. Бізге ұсынылған диссертациялық зерттеуді толығымен аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалауға толық негіз бар. Қол жеткізілген зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып жұмысқа теориялық, тәжірибелік қырынан құндылығы жоғары жұмыс деген баға беруге болады. Зерттеу жұмысы жалпы әдебиеттануда, соның ішінде фольклортануда бұрын зерттелмеген, өзекті тақырыпқа арналған, логикалық тұластығы сакталған, толық ері аяқталған құнды зерттеу еңбек болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі толығымен негізделген. Әлемдік және отандық фольклортану ғылымында ғалым тұлғасы, оның ғылыми мұрасын зерттеу жөнінде еңбектер жазылса да, қазақ әдебиеттану ғылымында фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов еңбектерінің зерттелуі кенже қалып отырғандығын аңдауға болады. Фольклортанушы ғалым халық өлеңдерінің алғашқы шығу тарихына зер салып, оның жанрлық, функционалдық ерекшеліктерін ашқандығы, тұтас бір жалпы жанрдың даму үрдісін анықтағандығы, автордың тарихи этнографиялық, фольклорлық, тіпті, археологиялық материалдарға сүйене</p>

		<p>зерттеу жұмыстарын жүргізгендігі әлі толық ғылыми тұрғыдан бағасын алғып, зерттелмеген. Осыған байланысты қазақ әдебиеттану, фольклортану ғылымының алдындағы міндеттердің бірі – Бекмұрат Уахатовтың қазақ халық өлеңдері, қазақтың тұрмыс-салт жырлары мен балалар ертеғілері және эпостық жырлар турасында жасаған тұжырымдамаларына талдау жасау маңызды десек, осыдан келіп диссертациялық жұмысының өзектілігі анықталады. Қазақтың халық өлеңдерінің поэтикалық ерекшеліктері мен жанрлық сипаты, классификацияға жіктелу мазмұнына қатысты теориялық принциптері мен мәселелерін Бекмұрат Уахатовтың ғылыми пікірлерімен дәлелдейді. Фалымның фольклорлық зерттеулері үлгінгі әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес екені алғаш рет жүйелі дәлелденіп, ұлттық сөз өнері үшін мән-мазмұнының маңыздылығы кешенді түрде қаралады. Сондықтан фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғылыми зерттеулерін терең талдаудың маңызы зор.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Бізге ұсынылған диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды және оны толығымен ашқан. Диссертацияның тақырыбы: «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым», ал осы тақырыпты ашуға негізделген мазмұны құрылымы жағынан үш тарауға жинақталған. Бірінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы екендігін зерттеуге арналған. Бірінші тарау төмөндегідей ақпараттарды қамтитын ішкі бөлімдерден құралған: Бекмұрат Уахатовтың өмірі мен қоғамдық, ғылыми қызмет жолы мәселелері сараланған, зерттелуінің дәрежесі айқындалған; қазақ фольклорын жинау, жариялау жолындағы қызметі зерделенген. Зерттелген мәселелер диссертацияның негізгі мақсатын жүзеге асыратын міндеттерін орындаудың алғышарты болып табылады. Екінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың зерттеулеріндегі қазақ тұрмыс-салт жырларының жіктелісін айқындауға арналған. Поэтикалық формалардың тарихи салыстырмалы аспектіде зерттелу ерекшеліктері мен типологиялық табигаты кеңінен талданған. Бекмұрат Уахатов салыстыруды тек текстологиялық тұрғыдан емес, тарихи-мәдени кеңістік тұрғысынан жүргізгендігі дәлелденген. Оның ғылыми тұжырымдамалары В. Жирмунский, В. Пропп, А. Веселовский сынды фольклортанудың классикалық өкілдерінің еңбектерімен сабактасып жатқандығы айқындалған. Аталмыш тарауда В.Жирмунскийдің салыстырмалы-генетикалық әдісін колдана отырып, Бекмұрат Уахатов түркі халықтарының фольклорында сақталған ортақ архетиптік құрылымдарды жүйелеп, олардың қалыптасу логикасын тереңінен саралагандығы дәйектелген. Бекмұрат Уахатов тұрмыс-салт жырларын көркем мәтін ретінде ғана емес, дәстүрлі қоғамның әлеуметтік құрылымын бейнелейтін ритуалдық акт ретінде қарастырғандығы талданған. Бекмұрат Уахатов тек түркі халықтарының фольклорымен шектеліп қалмай, иран, африка халықтарының да ритуалдық жырларын салыстырмалы түрде талдап, фольклорлық</p>

		<p>ұқсастықтардың тарихи әлеуметтік себептерін ашқандығын дәлелмен көрсеткен. Үшінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі әдіснамалық принциптерін анықтауға бағытталған. Ғалымның халық өлеңдерінің жанрлық сипаты мен типологиялық құрылымына байланысты пайымдары жүйелі түрде сараланып, нәтижесінде бірнеше өзекті ғылыми тұжырымдар нақтыланған. Халық өлеңдерін төрт ірі топқа бөліп, олардың әрқайсысына тән поэтикалық, мазмұндық және функциялық белгілеріне қарай жіктеу тек формалдық тәсіл емес, терен мәдениеттанулық және семиотикалық негізге құрылған типология екендігі жөнінде ой қорытқан. Б.Уахатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық мәселелері алғаш рет жүйеленіп, халық өлеңдерін зерттеудегі ғылыми басты ұстанымдары толық сараланып, дәйектелген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация тақырыбына зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің мақсаты: Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесін кешенді түрде зерделеп, оның тұрмыс-салт жырларын жүйелеу, халық өлеңдерін класификациялау және фольклорлық жанрлардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтаудағы ғылыми тұжырымдарын айқындау. Бұл мақсатқа жету жолында ізденуші алдына төмендегідей нақты міндеттер койған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасын зерделеу, ғалымның өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызметінің ерекшеліктерін анықтау, қазақ фольклортану ғылымындағы орны мен рөлін сипаттау;</li> <li>- Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен жариялау ісіндегі Бекмұрат Уахатовтың қызметін талдау, зерттеушінің халық шығармашылығын жинау, жүйелеу және жариялау бағытындағы әдістемелік ұстанымдарын анықтау;</li> <li>- Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастыру – олардың генезисін, таралу ерекшеліктерін және фольклорлық дәстүрлермен байланысын айқындау;</li> <li>- Тұрмыс-салт жырларының типологиясын анықтау, олардың құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктерін талдап, Б.Уахатов енгізген ғылыми тұжырымдарды жүйелеу;</li> <li>- Халық өлеңдерінің жанрлық мазмұнын зерттеу, олардың тақырыптық жіктелімін, семантикалық ерекшеліктерін және стильдік сипаттарын саралтау;</li> <li>-Халық өлеңдерін класификациялау принциптерін зерделеу, ғалымның қазақ өлеңдерін жүйелеудегі негізгі ғылыми ұстанымдарын айқындау және олардың ғылыми негіздемесін жасау.</li> </ul> <p>-Зерттеу нәтижелерін фольклортанудың қазіргі бағыттарымен сабактастыру арқылы Бекмұрат Уахатов енбектерінің қазақ фольклортану ғылымындағы орнын айқындал, олардың бүгінгі ғылымға қосқан үлесін көрсету.</p> <p>Зерттеудің міндеттері диссертация құрылымын құрайтын үш тараудың мазмұнына сәйкес кезең-кезеңімен шешілген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық</p>	<p>А.Т.Ташекованың диссертациясының барлық бөлімдері мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық түрғыдан толық байланысқан,</p>

	<p>байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан</u></b>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>тұтастығы байқалады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері мен қорытындыларының өзара сабактастығы, тұтастығы айқын. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдей, зерттеу мақсаты мен міндеттерін кезең-кезеңімен шешуге бағытталған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар</u></b>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау ез пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссиденттің ұсынған шешімдер әлемдік және отандық әдебиеттану ғылымында осыған дейінгі жүргізілген зерттеулердің тұжырымдарымен салыстырылып, сынни тұрғыдан талдау жасалған. Бекмұрат Уахатовтың фольклортанушы ғалым екендігін зерттеуге арналған диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың бұрын-соңды айтылған тұжырымдары диссертацияда төмөндегідей топтарға жинастырылып, талданған және түйінді ойлар айтылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. В.Радлов, Г.Потанин, А.Васильев, А.Алекторов, Н.Ильминский, П.Мелиоранский, Е.Бертельс, Я.Пропп, Х.Ярми, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ә.Диваев, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Сильченко, С.Қасқабасов, К.Матыжанов, Б.Абылқасымов, Н.Жүсіпов зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі фольклор, халық ауыз әдебиеті, ғұрыптық фольклор мәселелері, оның зерттелу өрісі, зерттеу принциптері мәселелері басшылыққа алынған.</li> <li>2. Фольклортанушы ғалымның зерттеу еңбектеріне Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Н.Терекұлов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Ә.Іңдырысов, С.Садырбаев сынды қазақ әдебиеті зерттеушілерінің публицистикалық, естелік еңбектері ғалымның ғылыми мұрасын, тұлғасын айқындауға бағдар ретінде алынған.</li> </ol>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа</u></b>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның жаңашылдық деңгейі қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттарын зерттеуге арналғандығымен айқындалады. Ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымында фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасына зерттеу жасалған. Сол талдаудың нәтижесінде: 1.Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортану ғылымындағы орны алғаш рет кешенді түрде қарастырылған. Ғалымның ғылыми мұрасы мен оның халық ауыз әдебиетін зерттеудегі теориялық-методологиялық үлесі жүйелі түрде сараланып, оның қазақ фольклортану ғылымының дамуына қосқан үлесі жаңа методологиялық тұрғыдан пайымдалған. 2. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклорын жинау, жүйелеу және жариялау әдістері алғаш рет жеке ғылыми талдау нысаны ретінде қарастырылған. Зерттеу барысында ғалымның экспедициялық жұмыстары, деректерді жинақтау принциптері және оларды ғылыми айналымға енгізу тәсілдері сараланып, оның фольклортануда қолданған әдіснамалық ұстанымдарының маныздылығы айқындалған. 3. Қазақ тұрмыс-салт жырларының генезисі мен таралу ерекшеліктері тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастырылып, олардың этнографиялық және фольклорлық сабактастығы анықталған. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі тұрмыс-</p>

		<p>салт жырларының тарихи негіздері, олардың қазақ фольклорындағы орны мен құрылымдық ерекшеліктері жүйелі түрде талданған. 4. Қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикалық ерекшеліктері алғаш рет Бекмұрат Уахатов ұсынған жіктеме негізінде ғылыми тұрғыдан жүйеленген. Ғалым зерттеулеріндегі тұрмыс-салт жырларының жанрлық, мазмұндық және құрылымдық белгілері жаңа фольклортанулық әдістер негізінде сарапталып, олардың ұлттық фольклорлық дәстүрмен байланысы айқындалған. 5. Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық табиғаты, тақырыптық жіктелімі және поэтикалық ерекшеліктері Бекмұрат Уахатовтың ғылыми ұстанымдары негізінде талданып, олардың фольклорлық жүйедегі орны анықталған. Халық өлеңдерінің көркемдік құралдары, бейнелеу әдістері және стильдік сипаттараты сараланып, олардың қазақ фольклортануындағы поэтикалық занылыштары айқындалған. 6. Қазақ халық өлеңдерін классификациялау принциптері алғаш рет Бекмұрат Уахатовтың теориялық тұжырымдары негізінде жүйеленіп, оның ғылыми негіздемесі жасалған. Ғалымның халық өлеңдерін жүйелеу мен типологиясын анықтау тәсілдері қазіргі фольклортану ғылымының талаптарына сай талданып, олардың ғылыми негіздері накты көрсетілген. 7. Бекмұрат Уахатов еңбектерінің қазақ фольклортану ғылымының қазіргі бағыттарымен сабактастыры анықталған. Оның зерттеулері фольклортанудың жана әдіснамалық ұстанымдары тұрғысынан қарастырылып, ғалым еңбектерінің қазіргі ғылымға қосқан үлесі айқындалған. 8. Бекмұрат Уахатов алғаш рет жан-жақты талдаған ғалым ретінде танылып, эпикалық таным жүйесін саралаған тұжырымдары отбасылық ғұрып фольклорының кешенді бір тармағы ретінде сипаттама берілген. 9. Бекмұрат Уахатов алғаш рет тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде ғұрып фольклорын түркі тілдес халықтарының ауыз әдебиетінде кешенді түрде салыстыра зерттеп, фольклортануда жаңа ғылыми бағыттың негізін қалаған. Зерттеу жұмысының теориялық маңызына фольклортанушы ғалым Б.Уахатовтың әдебиеттану ғылымына қосқан субелі еңбектерін тұңғыш рет ғылыми зерттеу айналымына енгізуі, фольклорлық еңбектердің мән, маңызын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуы жатады. Зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында әдебиеттану, фольклортану, әдебиет теориясы, балалар әдебиеті теориясы бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабактарда қолдануға мүмкіндік бар. Жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептерде әдебиет пәнін оқыту тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік бар.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы диссертанттың ғылыми ізденісінің жан-жақтылығы мен терендігін, бағыт-бағдарының айқындығын көрсетіп, алдына қойған міндеттерін әдістемелік тұрғыдан толық орындан шыққандығымен сипатталады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу еңбегінің жаңалық деңгейі келесі</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>дәйектермен анықталады:</p> <p>Диссертациялық жұмыс фольклортануши, ғалым, ұстаз Бекмұрат Уахатовтың ғылыми-шығармашылық мұрасын кешенді түрғыда зерттеуге арналған. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелуе және жариялау ісіндегі оның атқарған қызметі мен ұстанған ғылыми принциптері, фольклорды типологиялау мен поэтикалық құрылымын талдау тәсілдері бүтінгі фольклортану ғылымында өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылған. Осы диссертация барысында Бекмұрат Уахатовтың фольклортануши ретінде қалыптасуы мен кемелдену кезендері, ғылыми бағыттары, әдістемелік негіздері, ғылыми енбектері мен фольклор үлгілерін жинау, жариялау, жүйелуе ісіндегі тәжірибелері жан-жақты зерделеніп, теориялық тұжырымдар жасалған. Зерттеу барысында фольклорлық мұрамен жұмыс істеудің ғылыми негіздері, атап айтқанда мәтінтанулық, типологиялық, поэтикалық, аймақтық, құрылымдық және салыстырмалы-тарихи әдістерге сүйеніп, Бекмұрат Уахатов енбектерінің маңызы анықталған. Ол қазақтың халық өлеңдерін тек мәтін ретінде ғана емес, орындаушылық, ритуалдық, семиотикалық кеңістіктіке қарастырып, оны көркемдік әрі рухани құбылыс ретінде бағалауға ерекше назар аударғандығы дәлелденген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>            2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);            3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми жұмыс тақырып бойынша зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, дәйектеп шығуға негізделген. Ғылыми талдау барысында тиісті қорытындылар мен тұжырымдар жасаудағы диссертанттың теориялық және практикалық шешімдері жаңа және бүтінгі тандағы ғылыми-технологиялық бағыттарға сәйкес.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қаралғанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b></p>	<p>Диссертацияда жасалған барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қаралғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Балалар фэнтезиінің қалыптасуы мен дамуын зерттеген кезде Батыс және славян фэнтезиін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдарының енбектеріне де шолу жасалған: В.Радловтың «Образцы народной литературы северных тюркских племен. Киргизское наречие», Г.Потаниннің «Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки», А.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах», А.Диваевтың «Казахская народная поэзия», Н.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», П.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка», Е.Бертельстің «История персидско-таджикской литературы», В.Пропитың «Русский героический эпос», Х.Ярмидің «Татар халқының поэзик ижаты», Ш.Уәлихановтың «Тандамалы», А.Байтұрсыновтың «Шығармалары». Өлеңдер, аударғандар, зерттеулер», Х.Досмұхамедовтың «Аламан», М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы», С.Сейфуллиннің «Шығармалар», Б.Кенжебаевтың «Салт өлеңдері», Б.Абылқасымовтың «Телқоңыр», «Қазақтың көне нағым-</p>

			<p>сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры», С.Қасқабасовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы», К.Матыжановтың «Қазақтың отбасы фольклоры», Н.Жүсіповтың «Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы» еңбектеріндегі ой-пікірлерді басшылыққа алынған.</p>
7.	Көргауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b>жок</b></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>кен</b></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді негізге ала отырып зерттеуші қөргауға келесі тұжырымдарды ұсынады:</p> <p>1. Қазақ фольклортану ғылыми дамуында Бекмұрат Уахатовтың ғылыми еңбектері маңызды рөл атқарады. Ол қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу және зерттеу арқылы фольклорлық мұраны ғылыми айналымға енгізіп, оның теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруды. Ғалымның еңбектері қазақ фольклорының құрылымдық, мазмұндық және жанрлық ерекшеліктерін саралауға, фольклортанудың тарихи-салыстырмалы әдістерін жетілдіруге негіз болды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b>жок</b></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>кен</b></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p><i>Мақала: Ташекова А.Т., Мингазова Л.И., Бекмұрат Уахатов – фольклорлық мұралар генезисінің негізін салуышы ғалым // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - №3.– 313 б. – 223-237 бб. (КР ФЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).</i></p> <p>2. Бекмұрат Уахатов қазақ халық ауыз әдебиетін жинау, жүйелеу және жариялау барысында деректерді ғылыми негізде сұрыптау, мәтіндерді түпнұсқалық нұсқада сактау, ауызша дәстүрдегі варианттық құбылыстарды ескеру сынды маңызды әдістемелік қағидаларды ұсынды. Оның әдістемелік ұстанымдары қазақ фольклорын зерттеудің заманауи талаптарына сай келіп, фольклорлық материалдарды жүйелеу мен талдау ісінде басшылыққа алынатын ғылыми бағдарды қалыптастыруды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>

1) ия;

2) **жок**

7.3 Жаңа ма?

1) ия;

2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жок

Мақала: *Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Ұлы Даға фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. - №4(125). – 145 б. – 94-102 б.*

3. Бекмұрат Уахатов фольклорлық мұраларды жинастыру барысында экспедициялық әдісті белсенді қолдана отырып, қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасын жүйелі түрде тіркеп, фольклортануғының эмпирикалық базасын қалыптастыруға айрықша үлес қости.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) **жок**

7.3 Жаңа ма?

1) ия;

2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жок

Мақала: *Ибраева А.Т., Жусіпов Н.Қ., Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық жанрлар жүйесі мен сипаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2020. - №3. – 500 б. – 251-264 б.*

4. Қазақ тұрмыс-салт жырлары – халықтың этномәдени және тарихи әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты фольклорлық мұра. Олардың генезисін, таралу ерекшеліктерін және фольклорлық дәстүрлермен байланысын тарихи салыстырмалы аспектіде қарастыру тұрмыс-салт жырларының эволюциялық дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Бекмұрат Уахатов зерттеулерінде қазақ тұрмыс-салт жырларының халық дүниетанымындағы орны мен фольклорлық сабактастыры жан-жақты ашылған.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

	<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b><u>жок</u></b></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>ия</u></b>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b><u>кен</u></b></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b><u>жок</u></b>.</li> </ol> <p>1. <i>Мақала: Ибраева А.Т., Жусіпов Н.К., Дәстүрлі халық өлеңдерін жүйелеудегі Бекмұрат Уахатовтың ғылыми – көркемдік ұстанымы // ПМУ Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2019. - №2. - 380 Б. – 192-202 б.</i></p> <p>2. <i>Tashekova A.T., Zhussipov N.K., The role of Bekmurat Uahatov in revealing the artistic nature of folk songs // Bulletin of Karaganda University. "Philology" series. – 2023. - №3(111). – 147 P. – 114-120 pp.</i></p> <p>5. Бекмұрат Уахатов қазак тұрмыс-салт жырларының типологиялық құрылымын жүйелеуге негізделген жіктемелік принциптерді ұсынды. Оның зерттеулерінде жырлардың құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктері сараланып, олардың жанрлық белгілері айқындалды. Фалымның қазак тұрмыс-салт жырларына жасаған типологиялық талдауы фольклорлық жанрлардың ерекшеліктерін айқындауға ықпал етті және олардың дәстүрлі орындаушылық жүйемен байланысын ашып көрсетеді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>дәлелденді</u></b>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b><u>жок</u></b></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>ия</u></b>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b><u>кен</u></b></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>ия</u></b>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>Мақала: Ибраева А.Т., Жусіпов Н.К., <i>Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №1(126). – 191 б. – 61-69 б.</i></p> <p>6. Қазақ халық өлеңдері құрылымдық-функционалдық ерекшеліктеріне қарай түрлі тақырыптық бағытта</p>
--	--

дамыған. Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерінің тақырыптық, семантикалық, шығу тарихын және стильдік ерекшеліктерін зерделей келе, олардың жанрлық мазмұнын анықтап, саралады. Оның зерттеулерінде халық өлеңдерінің поэтикалық құрылышы, бейнелеу құралдары, көркемдік сипаттары жан-жақты талданып, олардың фольклорлық жүйедегі орны белгіленді.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ

*Мақала: Tashekova, A., Zhussupov, N., Zeinulina, A., Rustemova, R., Kadyrova, B., (2025). Artistic and Linguistic Features of Turmys-Salt Jyrlary in the Works of Bekturat Uakhatov. Forum for Linguistic Studies (процентиль – 55). 7(2): 477 486. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8116>*

7. Қазақ халық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін жіктеу мәселеісінде Бекмұрат Уахатовтың ғылыми тұжырымдары манызды болып табылады. Ол халық өлеңдерін құрылымдық, мазмұндық және орындаушылық ерекшеліктеріне қарай саралап, қазақ фольклорындағы өлең жанрының ішкі жіктемесін айқындауға мүмкіндік берді. Фалымның ұсынған классификациялары қазақ халық өлеңдерін ғылыми жүйелеуге негіз болды.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ

*Мақала: Minnegaliева, A.I., Mingazova, L.I., Ibrayeva, A.T.,*

		<p>&amp; Kayumova, G.F. (2022). <i>Turkish World and Literary Relations of the East. International Journal of Criminology and Sociology</i>, 9, 2514–2520. <a href="https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306">https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306</a></p> <p>8. Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасы қазақ фольклортану ғылымының заманауи зерттеу бағыттарымен тығыз байланысты. Фалым еңбектерінің методологиялық негіздері бүгінгі фольклортанудағы көпқырлы талдау әдістерін жетілдіруге ықпал етеді. Оның фольклорлық мәтіндерді жүйелеу, типологиясын анықтау және жанрлық ерекшеліктерін зерттеу жөніндегі тұжырымдары фольклортанудың қазіргі ғылыми бағыттарымен сабактасып, қазақ ауызы әдебиетінің зерттелуіне маңызды үлес қосады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жок</u></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>кен</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p><i>Мақала: 1. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі наым-сенімнен тұган өлеңдер табигаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. - №2. – 471 б. – 380-392 б.</i></p> <p><i>Мақала:</i></p> <p>2. Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі балалар фольклорының поэтикасы // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. - №3. – 527 б. – 376-389 б.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>Диссертацияның әдіснамасы нақты, қолданылған әдістәсілдер дұрыс тандалған. Диссертацияның әдіснамалық негізін отандық және шетелдік зерттеуші-ғалымдар В.Радлов, Г.Потанин, А.Васильев, А.Алекторов, Н.Ильминский, П.Мелиоранский, Е.Бертельс, Я.Пропп, Х.Ярми, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхamedов, М.Әуезов, Ә.Диваев, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Сильченко, С.Қасқабасов, К.Матыжанов, Б.Абылқасымов, Н.Жусіпов және басқа да ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес кешенді саралтау, сипаттама, тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау, жинақтау, текстологиялық талдау әдістері қолданылады.</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және баяндау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ија</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен деректердің өндеу және баяндау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы диссертацияның нәтижелерін жариялаудың төмендегі жұмыс түрлері ұсынылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Фольклорлық мұрағат негізінде ұлттық құндылықтың сақталу мәні // «Сұлтанмәмет сұлтан: тарихи сананы жаңғыру мен ұлттық кодты сақтаудағы ұлттық рух пен тәуелсіздіктің бастауларына» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2018. – 216 Б. – 142-148 бб. 9</li> <li>Ибраева А.Т., Бекмұрат Уақатовтың шығармашылық әлеміндегі ғылыми тізгін // С.Торайғыровтың 125 – жылдығына арналған «Х Торайғыров оқулары» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. Павлодар. С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2018. – 247 Б. – 83-89 бб.</li> <li>Ибраева А.Т., Зейнулина А.Ф., Фольклористика как духовная ценность нации // Фольклортанушы, ф.ғ.д., профессор Берік Серікбайұлы Рахымовтың 60 жылдығына арналған «Рухани мұраны зерттеу мен оқытудың маңызды мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды, Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ. – 2019. – 345 Б. – 61 66 бб.</li> <li>Ибраева А.Т., Жусіпов Н.Қ., Бекмұрат Уахатов және тарихи өлең табиғаты // Академик Қ.И.Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп окушыларының «XIX Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. С.Торайғыров атындағы ПМУ. – 2019. – 413 Б. – 88-93 бб.</li> <li>Ибраева А.Т., Минһажева Л.И. Казакъ әдебияты һәм Шәрық әдеби бағланышлары // Фәнни Татарстан. Татарстан. Қазан. – 2019. - №2. – 183 Б. – 124-133 бб.</li> <li>Ташекова А.Т. Жастардың ғылыми әлеуетін дамытудағы фольклорлық құндылықтар мазмұны // «Жастар, ғылым және инновация» атты XX халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Ақтөбе : Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті, - 2024. - 1131 Б. – 194-196 бет.</li> <li>Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық зерттеулеріндегі түркі халықтарының ауыз әдебиеті ерекшеліктері // XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırması Sı mpozi imunun məruzələr kitabı. Cild I - Bakı: Bakı Avrasiya Universiteti, 2024. – 866 səhifə. Azərbaycan, Türkiyə, Qazaxistan. – 309-318 səhifə. XI Халықаралық Түрк әлемі зерттеу симпозиумының материалдары. I том – Баку: Баку Еуразия университеті, 2024. – 866 бет. Әзіrbайжан, Турция, Қазақстан. – 309-318 бет.</li> <li>Ташекова А.Т. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі. Окулық. – Павлодар : «Toraighyrov University», 2025. – 127 б.</li> </ol>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар,</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік</p>

		<p>модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған. Анықтау экспериментінде зерттеу нәтижелері жоғарғы оқу орындарында студенттер арасында фольклорды оқыту барысында, Б.Уахатовтың зерттеулерін қолдану аясында ғылыми зерттеу енбектерін ұсыну мен талдау негізінде тексерілген. Қалыптастыру экспериментінде білімалушылардың фольклорлық шығармаларды, ғылыми енбектерді талдау және интерпретациялай алу, шығармашыл ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға және жаңа шығармашылық өнім ұсына алуға баулуға негізделген тапсырмалар мен әдістерді жузеге асырған. Қорытынды эксперимент кезеңінде жүргізілген тәжірибе нәтижелерін талдау, саралтау жасалып, соған байланысты әдістемелік жүйелерге өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, эксперименттің тиімділігі анықталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттануға, философияға, педагогика мен психологияға, ішінара лингвистикаға қатысты зерттеу енбектері, сөздіктер, анықтамалар, халықаралық конференциялар мен журналдар, КР ФЖБМ бекіткен басылымдар мен интернет дереккөздеріне сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда автор 127 ғылыми, әдістемелік, мерзімдік, заннамалық-нормативтік, деректі, электронды және басқа дара дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызына диссертация авторының фольклортануши ғалым Б.Уахатовтың ғылыми-зерттеу мұрасын зерделеуге айтартытай үлес қосуы жатады. Зерттеу тақырыбы ғалым тұлғасын, фольклорға арналған зерттеулерінің мәнін, құндылығын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмысты орындау барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар әдебиеттану, фольклортану, тұлғатану даму зандалықтары зерттеуге қажетті әдіснамалық алгоритмнің рөлін атқара алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында әдебиеттану, фольклор, әдебиет теориясы, балалар әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабактарда пайдалануға болады. Зерттеудің қорытынды тұжырымдарын «тұрмыс-салт жырлары», «тұрмыс-салт жырларының типологиясы мен поэтикасы», «халық өлеңдері», «ғұрыптық фольклор», «балалар фольклоры» жанrlарын айқындау мәселелеріне арналған арнаулы курстарды әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігі бар. Жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептерде әдебиет пәннің оқыту тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік бар.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа. Бұл диссертация тақырыбының өзектілігінде, қазақ әдебиеттану ғылымында әзірге мүлдем зерттелмеуі мен диссертант тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдарынан көрініс</p>

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған. Техникалық жағынан дұрыс рәсімделген, мемлекеттік стандарттар талаптарына жауап береді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жазылған диссертациялық жұмыс оң әсер қалдырды, тақырып өзекті, ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу тақырыбы бойынша – 17 мақала мен 1 окулық жарияланған және оку үдерісіне енгізілген («Қосымша А» қарандызы), шетел және отандық, халықаралық базасылымдарда - 7; 8 ҚР ФЖКБ ФЖБССҚЕК ұсынатын ғылыми базасылымдар - 8; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 2.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Ташекова Айгерим Тарбиновна «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бастарту.

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ташекова Айгерим Тарбиновнаның «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Ш.Уәлиханов атындағы Қоқшетау университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
емес акционерлік қоғамы

КОЛЫН РАСТАЙЫНЫ  
КАДРЛАР БӨЛІМІ



Кажибаева Г. К.